

**«Ақкөл қаласы, агротехникалық колледжі» МКҚК-нда
2024 жыл қорытындылары бойынша
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес «Квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік органдары, ұйымдары мен субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдайды», сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ақкөл қаласы, агротехникалық колледжі» МКҚК (одан әрі -Колледж) басшысының 19.05.2025 жылғы № 48-НҚ бұйрығының негізінде жұмыс тобы 2024 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Колледж қызметінің негізі білікті кадрларды, соның ішінде жұмысшыларды, орта буын мамандарын даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

Колледж келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;
- 2) ішкі тәртіп ережелерін әзірлейді және бекітеді;
- 3) жұмыс оқу жоспарларын, жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;
- 4) оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;
- 5) оқу жылына арналған бекітілген оқу-тәрбие барысының кестесі және теориялық, практикалық сабақтардың кестесінің негізінде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлайды;
- 6) оқытудың жаңа технологияларын сынап көру, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін, тәжірибе режимінде (тәжірибелік алаң) жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарында жүзеге асатын тәжірибелік білім беру бағдарламаларын әзірлейді;
- 7) білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестациясын жүргізеді;
- 8) білім алушыларға қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім беру деңгейіне сәйкес келетін мемлекеттік үлгідегі құжатты бере отырып, жұмысшы біліктілігін және (немесе) «орта буын маманы» біліктілігін береді;
- 9) мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыскерлерге өзінің қаржы қорлары шегінде және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте

лауазымдық айлықақыларды (мөлшерleme), қосымша ақы, үстемақы және басқа да ынталандыру төлемдерін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

11) материалдық-техникалық жарақтандыруды және жабдықтауды қамтамасыз етеді;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте ақылы негіздегі тауарларды (жұмыстар, қызметтер) береді;

13) экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру жүйесінің нәтижелерін жақсартуға және кадрларды даярлау деңгейіне қол жеткізуге бағдарланған кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамытады;

14) оқыту мен өндіріс арасындағы байланыстарды, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін тарту арқылы нығайта түседі;

15) кәсіби тағылымдаманы ұйымдастыру мен өткізу ережелерін және тағылымдама базасы негізіндегі ұйымдарды анықтау ережелерін әзірлейді және бекітеді;

16) білім алушыларды білім беру саласындағы уәкілетті органның денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлы-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша айқындалған тәртіппен қамтамасыз етеді;

17) білім алушыларды медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді;

18) білім алушылардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

19) білім алушыларға балалардың денсаулығына және дамуларына зиян келтіретін ақпаратты шектеуге арналған байланыс операторларының қызметтерін қолданатын Интернетке қол жетімділікті қамтамасыз етеді;

20) білім алушылардың жекелей санаттарына Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамсыздандыру түрлерімен уақытылы қамтамасыз етеді;

21) білім алушыларды асырау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормадан төмен болмауын қамтамасыз етеді;

22) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметтеріне қолдау көрсетеді;

23) кадрларды кәсіби даярлаудың, соның ішінде мобильді оқу орталықтары арқылы заманауи нысандарын енгізеді;

Колледж өз қызметін Ақмола облысы әкімдігі 20.11.2019 жылы бекіткен № А-11/562 Жарлығының негізінде жүзеге асырады.

Колледж басшысы - Уразов Арман Аманжолович. Лауазымға Ақмола облысы білім басқармасының басшысының 23.12.2022 жылғы № 157 ж/у бұйрығымен тағайындалған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге ақпарат көздері болып мыналар табылады:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық есептілік;
- 3) талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпарат жүйелерінің мәліметтері;
- 4) талдау объектісі тарапында мемлекеттік органдар бұрын өткізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 7) талдау объектісі тарапына жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 8) талдау объектісінің жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- 9) одан бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері;
- 10) талдау объектісі қызметкерлерінің, жұмыскерлерінің сұрастыру (сұхбат) нәтижелері;
- 11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен берілуіне тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) объектінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) объектінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Колледж қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында.

1.1. Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Талданатын кезеңде 325 бұйрық әзірленіп, қабылданды, оның 139-ы негізгі қызмет бойынша, 83-і жеке құрамға, 103-і іссапарлар мен демалыстарға қатысты. Бұйрықтар жүйеленген және арнайы журналда тіркеледі. Барлық бұйрықтар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шығарылды.

Талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін, нормативтік құқықтық актілерді өз еркімен түсіндіру мүмкіндігін туғызатын құқықтық олқылықтарды жүзеге асыруына кедергі жасауға ықпал ететін бұйрықтар жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы анықталмаған.

2. Екінші бағыт бойынша – Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2.1. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша колледждің штат саны техникалық персоналды қоса алғанда 97,3 штат бірлігін құрайды (оның ішінде 23,8

оқытушы және 16 өндірістік оқыту шебері), оның ішінде 5-і әкімшілік корпус. Бос жұмыс орындары бар – бухгалтер және экономист.

Талданатын кезеңде таза ауысымдарға, теріс себептерге байланысты, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны, тәртіптік құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан шығару фактілері анықталмады.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Колледж қызметкерлерін заңсыз жұмыстан шығару фактілері анықталмады.

Барлық қызметкерлер лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Кадр қызметінің жұмысын талдау көрсеткендей, талданған кезеңде 38 еңбек шарты жасалған, 27 еңбек шарты бұзылды. Барлық еңбек шарттары еңбек кодексіне сәйкес тараптардың келісімі бойынша тоқтатылады.

Тәртіптік практиканы талдау барысында 2024 жылғы 1 маусым мен 2025 жылғы 1 маусым аралығында 1 тәртіптік жаза – ескерту қолданылғаны анықталды. Негіздеме және растайтын құжаттар бар. Ағымдағы кезеңде кадр мәселесі бойынша шағым түскен жоқ.

Талдау барысында Колледж қызметкерлерінің жеке істері, оның ішінде біліктілігін бере отырып, жоғары немесе кәсіптік-техникалық білімінің бар-жоғын куәландыратын құжаттар зерттелді (дипломдар). Барлық қызметкерлер уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ақпараттық-анықтамалық құжаттарына сәйкес соттылығы жоқ екендігі туралы анықтамалары бар екені анықталды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады. Бұзушылық анықталмады.

Колледжде соттылығы бар немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін өтелмеген соттылығы бар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылған қызметкерлер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды тұлғалар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салулардың бұзылуы анықталмады.

Колледжге, сондай-ақ Колледждің лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды, басылымдарды анықтау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

2.2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Педагогтарды білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылдау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарын тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес педагогтың бос және (немесе)

уақытша бос лауазымына орналасу конкурсының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, толық және толық емес аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) орналасқан бос лауазымдарға орналасуға конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде үлестес болу фактілері анықталмаған.

Талдау барысында мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

2.3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қазақстан Республикасы инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі цифрлық даму министрінің м.а. 31.01.2020 жылғы № 39НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтердің тізіліміне сәйкес Колледж 8 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған адамдарға анықтама беру;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш негізгі, жалпы орта, орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген адамдарға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттауға құжаттарды қабылдау;
- азаматтардың жекелеген санаттарын, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылық) және патронаттағы адамдарды, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тегін тамақпен қамтамасыз ету;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру.

1 маусым 2024 жыл мен 1 маусым 2025 жыл аралығында барлығы 212 қызмет көрсетілді: соның ішінде:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау – 94 қызмет;
- студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету – 84 қызмет;
- техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру – 11 қызмет;

- студенттерге академиялық демалыс беру – 10 қызмет;
- білім алушыларды қайта қабылдау және ауыстыру – 11 қызмет;
- техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған адамдарға анықтама беру – 2 қызмет.

Барлық қызметтер, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және негізсіз бас тарту фактілері жоқ.

Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тікелей байланыс бар. Қызмет көрсету кеңсе арқылы да жүзеге асырылады. Белгілі бір адамға негізсіз артықшылық беру ықтималдығының сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

2.4. Бюджеттік және қаржы қорларын игеру және бөлу

Колледждің бюджеттік және қаржы ресурстарын игеру және бөлу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ағымдағы қаржы жылына бөлінген бюджет қаражатына сәйкес жүзеге асырылады. Бөлінген қаражатты игеріп алу қатаң түрде нысаналы мақсаты бойынша жүргізіледі. Бұзушылықтар анықталмаған.

Негізгі құралдарды, материалдық емес актілер мен тауарлық-материалдық қорларды түгендеу «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 бұйрығына сәйкес жүргізіледі, барлық нәтижелер түгендеу ведомостіне енгізіледі және есепті жыл үшін мекеменің балансын жасау кезінде ескеріледі. 2024 жылғы түгендеудің қорытындысы уақтылы ұсынылды, жетіспеушілік немесе артықшылық анықталмады, ескертулер жоқ.

Жұмыс уақытын есепке алу табельдері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 23-бабының 20-тармағының және 79-бабының негізінде уақтылы жасалады. Барлық табельдер мекеме басшысымен бекітіледі және айына бір рет жалақы төленген күні және есепті айдың аяғында бухгалтерияға жіберіледі. Табельдерде қызметкерлердің нақты жұмыс уақыты, нақты жұмыс істемеген уақыты, еңбек демалыстары, демалыс және мереке күндері көрсетіледі. Табельдер еңбекақы төлеуді есептеуге арналған ресми құжат болып табылады. Табельдерді жасау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған, жұмыс істемеген жұмыс уақыты туралы барлық ілеспе құжаттар (аурғаны туралы парақтар, анықтамалар, бұйрықтар) толық көлемде тіркеледі. Бұзушылықтар, ескертулер жоқ.

2.5. Жеке және заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу

Колледждің мемлекеттік сатып алуы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық нысанда жүзеге асырылады және өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Шарт жасасудың тек электрондық форматы веб-порталда

сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы толық және анық ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағасын анықтауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды енгізу және мемлекеттік сатып алудың ашықтығы мен оңайлатуға бағытталған бірқатар басқа да нормалар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Колледждің барлық мемлекеттік сатып алулары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2024 жылы жалпы сомасы 154 733,2 мың теңгеге тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға 185 шарт жасалды, оның ішінде:

- бір көзден 13 683,1 мың теңге сомасындағы 26 келісімшартты тікелей жасасу арқылы, бұл шарттардың жалпы санының 14,1%-ын құрады;

- 14991,3 мың теңге сомасындағы 96 келісімшарт бойынша баға ұсыныстарын сұрату, бұл шарттардың жалпы санының 51,9%-ын құрады;

- баға ұсыныстарын сұрату бойынша орындалмаған сатып алулар үшін бір көзден 35 591,5 мың теңге сомасында, бұл шарттардың жалпы санының 18,9%-ын құрады;

- 31 635,6 мың теңге сомасындағы 7 шарт бойынша ашық конкурс өткізу, бұл шарттардың жалпы санының 3,8%-ын құрады;

- 39 783,5 мың теңге сомасында 16 шарт бойынша тәрбиеленушілер мен оқушыларды тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алуға конкурс өткізу, бұл шарттардың жалпы санының 8,6%-ын құрады;

- 16 548,2 мың теңге сомасындағы 3 электрондық дүкен шарты, бұл шарттардың жалпы санының 1,6%-ын құрады;

- Негіздемелік келісім арқылы 2 500,0 мың теңге сомасындағы 2 шартты жасады, бұл шарттардың жалпы санының 1,1%-ын құрады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден бәсекеге қабілетті ТЖҚ сатып алынбайды.

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында көрсетілген қағидаттарға негізделеді.

Тексерілген кезеңде сот жұмысы барысында 2 өнім беруші сот шешімі бойынша мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары болып танылды. Олардың бірі Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген. Екіншісі бойынша: шешіміндегі қате жазуды түзеу туралы соттың ұйғарымы күтілуде (27.06.2025 жылы қате жазуды түзеу туралы ұйғарым шығарылды, 30.06.-01.07.2025 жылы өнім беруші Тізілімге енгізілетін болады). Өнім берушілер шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін жосықсыз қатысушылар болып танылды.

2.6. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

«Ақкөл қаласы, агротехникалық колледжі» МКҚК ақпараттық жүйелерді әзірлеуші болып табылмайды.

2.7. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2.7.1. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Талданатын кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу және қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдер сақтала отырып, белгіленген тәртіппен жүргізілетіні анықталды.

Тексерілген кезеңде 18 өтініш келіп түсті, оның ішінде:

- Колледж студенті туралы 1 адвокаттық ақпарат сұратуы;
- 2 өтініш колледж студентінің ата-анасынан студенттерді жеткізу және стипендия төлеу мәселелері бойынша;
- Кәсіпкерлердің 15 коммерциялық ұсынысы.

Барлық өтініштер қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімдерді сақтай отырып орындалды.

Колледж қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен жоқ.

Барлық қаралған өтініштерде өтініш берушілер жауаппен келіспеген жағдайда қабылданған әкімшілік актіге әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен жоғары тұрған әкімшілік органға, лауазымды адамға Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 3-тармағына сәйкес шағымдану ұсынылады.

2.7.2. Жасырын мемлекеттік қызмет көрсетуді анықтау.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша жасырын мемлекеттік қызметтер табылмады.

Талдау барысында жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесін анықтады:

- 1) Колледж басшысы;
- 2) Басшының орынбасарлары;
- 3) Бас бухгалтер;
- 4) Мемлекеттік сатып алу бойынша менеджер;
- 5) Кадр бөлімінің инспекторы;
- 6) Заңгер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсынылады:

1. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың бұзылуын болдырмау мақсатында, «Ақмола облысыбілім басқармасының қаржы орталығы» КММ ұйымдастыратын Ақмола облысының білім басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының мемлекеттік сатып алу менеджерлері үшін оқыту семинарын ұйымдастыру бойынша колледждің жауапты қызметкері семинарға жіберу.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға (семинарлар, дәрістер, жиналыстар және т.б.) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау және Колледжде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік жөніндегі жұмыс жалғасады.

30.06.2025 жыл

Жұмыс тобының мүшелері:

 Жулдугулова А.М.

 Шитова Н.В.

 Люся Е.В.

 Асафов В.В.

 Богусевич Л.М.

 Тимошина О.А.

 Калашникова Н.Г.

 Водопьян С.В.

 Лобецкая И.И.

Таныстырылды:  Уразов А.А.

«Ақкөл қаласы, агротехникалық колледжі»
МКҚК басшысы